

“Педагогические науки”/5.Современные методы преподавания.

**Ақжігіт Айбек Жақыпұлы**

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет, Алматы

## **ШАРЫН ШАТҚАЛЫНЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ МЕКТЕПТЕ ГЕОГРАФИЯ ПӘНДЕРІНДЕ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ**

Қазақстан тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына батыл қадам басуы, адам капиталының сапасының артуы қоғамның алға қарай жылжуға деген ұмтылысы білікті мамандарды даярлауда жаңаша өнімді экологиялық білім беру тұғырларын талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасының әлемдік экологиялық білім беру кеңістігі, ұлттық білім беру парадигмасының өзгеруі мен қалыптасуы сапалы мамандар мен кадрларды даярлау мәселесін де бей-жай қалдырмайды. Бұл міндетті жүзеге асыруда шығармашылық тұрғыда ойланып, әрекет ете алатын, инновациялық үдерістерді жүзеге асыра алатын мамандарды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің экологиялық білім беру жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Болашақтағы біздің де ниетіміз осы болмақ. Қазақстан жері кең байтақ, әсем табиғаты мен күнмен таласқан таулары кез-келген адамның көзінің жауын алмай қоймайды. Алайда сол табиғаттың тылсым күшіне айналған орындары біз адамзат баласы шектеусіз пайдаланып, қажеттілігімізге жаратып табиғатты аяусыз жаныштаудамыз, сол іс-әрекетімізді азайтпасақ өзіміздің әсем табиғат байлықтарымызды апатты жағдайға айналуына себепші болып отырамыз. Соның бірі, Шарын шатқалы – ең ірі экзотикалық орындардың бірі. Ерекше шайылған формалар, желденген рельефтер Сізді ертегідегі құм тауларынан жасалған ескерткіштер әлеміне алып кетеді: “Қамалдар аңғары”, “Жалмауыз кемпір шатқалы” және тағы басқа құмды жардың биіктігі 150-300 метрге шейін жетеді. Шарын

шатқалы Алматыдан шығысқа қарай 220 шақырым жерде, Райымбек ауданының аумағында орналасқан. Шатқалдың тереңдігі кей жерде 300 метрге дейін жетеді. Саяхатшылар үшін Шарын шатқалы, әсіресе, оның төменгі бөлігі ғажайып сұлулығымен тартымды [1].

Шарын каньоны. «Каньон» сөзі испан тілінде «кұбыр» деген мағынаны білдіреді екен. Ғалымдардың дерегіне назар салсаңыз, каньондардың пайда болуы құрғақ қыраттардың өз арнасын дамылсыз кеңейткен өзен суларының әсерінен деп түсіндіреді. Қызғылт каньонның ұзындығы үш шақырымға жуық, ені 20 метрден 130 метр аралығында болып келеді. Тереңдігі 100 метрге жуықтайды. Солтүстік Америкадағы Колорадо өзенінің Үлкен каньонымен табиғаты бір, ландшафттық әлпеті ұқсас болуы таңдай қақтырар, аты айтып тұрғандай, Үлкен каньонның ұзындығы 80 шақырым, тереңдігі де өлшеусіз – 1200 метрден 800 метрге дейінгі көрсеткіші Шарынның шағын болса да каньонның ерекше көрінісі талайды тамсандырады. Сондықтан да шығар, шалғайдағы Орталық Азияның беймәлімдеу бір нүктесіне орыс саяхатшылары Н. Северцев, А. Красновтарға ат басын бұрғызды. Дала төсіндегі таңғажайып әлем – Шарын оларды бей-жай қалдырған жоқ. Қияндағы Қашқарға сапарлап бара жатқан Шоқан Уәлиханов та табиғаты сұлу өңірдегі ерекше түске боялып тұрған қызғылт каньонға еріксіз ойға шома қарап, назар аударған да шығар-ау. Себебі дерсіз, табиғаттың өзі жылдар бойына әспеттей алақаныңызға салған жердің бүкіл қабатының тылсым суреті ойлантпай қоймас. Жарқабақтың сансыз қабаттық алуан бояуы тас шежіренің беттеріндей сыр ақтарады. Қамалдар аңғарындағы кесек мүсіндердің қайталанбас кескіндері де қиялға жетелейді. Дәл алдыңыздан алып аждаһадай төніп тұрған құзды көріңіз. Аз ғана уақытқа кідірсең бас салардай кейпі қорқынышты. Тек сандаған топырақ қабаттарынан тұратын ескерткіш сұлба екенін сезінгенде барып, ілгері адымдайсыз. Сол кезде арыстандар сайы алдыңыздан шығады. Құздар ертегідей, биіктен алысқа көз тастаған үлкен арыстанның алдымен бас мүсінін айырасыз, сосын жалбыраған жалы айқындалады, жуан мойны болып қоңырқай тартқан

сазқабат көрініс береді. Алға жүрген сайын ғажайып әлем өз құпиясын аша түсердей. Киіз үй аңғарына өткенде ауылға келгендей тыныс аласыз. Күмбезденген биік төбе ме десеңіз, сәл өтіп барып айнала бере бағамдайсыз, ағараңдап көзге ыстық көрінер киіз үй. Топырақ қабаттарынан біреу қанша уақытын шығындап, әдейі қашағандай. Түңлігі сәл ғана ашылғандай шаңырақ, уық пен керегенің ұштасқан тұсындағы қара белдеулі ақ шаңқан киіз үй өзіне көпке дейін жанарыңызды еріксіз аудартады. Ал мына діңгек ұстын тас салынған қапшықты елестетеді. Жарқабақтың басынан жүз метрдей тереңдіктегі жалғыз аяқ жолмен қиялға елітіп, өзіңізден-өзіңіз күбірлей алға адымдайсыз. Өйткені, құжыр-құжыр қабырғалы Шарын жеткізер жұмбаққа толы сыр жетелей түседі [2].

Шарын каньоны пайда болуы жөнінде түрлі болжам айтылады. Кейбір зерттеушілер бұл өңір көне Азияның орталығында Алакөл жағасынан бүгінгі Қытай аумағын алып жатқан теңіздің таяз сулы шығанағы деген жорамалын ұсынады. Тастай қатқан жасыл түстес саз қабаттан табылған теңіз жәндіктерінің бізге жеткен қаңқаларынан білетініміз бір кездері теңіздің түбінде тіршілік үшін өзді-өзі арпалысып қиямет кешкенін, салқын судың табанында бірімен-бірі арбасып, ал, дем таусылғанда ұйыса тас болып қалатынын сезбеген де шығар. Уақыт шіркін ештеңені кешірмейді, жағаға теңіздің ізімен шығанақ та ғайып болды. Бәлкім, тартылған шығанақ орнында көл пайда болып, күндердің күнінде Торайғыр бөгеті бұзылып тосқауылдың бәрін ағызып ала жөнелді. Әйтпесе мынау сұп-сұр жарқабақ ол жөнінде сыр айтпайды, тек сазды қабатта қатып қалған теңіз жәндіктерінің қаңқаларынан ұққандайсыз. Бұл жөнінде профессор П. Мариковский былай деп ой түйіндейді: «Бағзы заманда, үштік кезеңде, 25 миллион жылға жуық бұрын, жер бетінде адамзат жаратылмай тұрып, ауқымды да ыстық шөл орнында үлкен көл толқып жатты. Ол қоршап жатқан тауды жеміре табанына күшті саз қабатын ұсақ қиыршық тастармен араластыра жинады. Сосын ауа райы өзгерді, көл құрғады, ал, табанын су шайып отырды. Тіршіліксіз жалаңаш әрі өте таңсықтау, сазды таулы өңір пайда болды»[3]

Ал, Шарын жөніндегі бір аңыздың оқиға желісі былай өрбиді: «Жаратқан ие арбасымен ұшып келе жатады. Жалаңаш жазығының төбесінен өтіп бара жатқан тұста байқаусызда отты жебелерінің бірін қолдан түсіріп алады. Жан-жағына жалын шаша төмен құлдилаған жебе зуылдаған күйі жерге көлденеңінен түсіпті. Отты жебе бүлк еткен жер бүйірін екіге қақ жара діңіне дейін жетіпті. Жер қақ жарылғанда тамырлары үзіліпті. Үзілген тамырлардан шапшыған қаннан қуарған топырақтардың түсі өзгеріп сала берген деседі...» [4]

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Оқытудың парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Бүгінде, оқушылар оқытудың жаңа әдістерін пайдалануды қажет етеді, жаңа бағытта, форматта біліммен қаныққысы келетін білім алушыларға жобамен, жеті модульдік әдістермен оқытқан абзал. Нақты мысал ретінде келтірер болсақ, сыңдарлы ойлауға әсер ету үшін:

- Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
- Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану;
- Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- Оқытудағы басқару және көшбасшылық [5].

Осы модуль бойынша сабақтарды қызғылықты, жақсы әсер алуына, инновациялық технологияны қолдана отырып, сапалы білім алуға, педагогтың шеберлігінде пайдалана отырып өтіледі. Негізінде жобалық әдістерді де қатар алып жүруге болады. Оқушылар, топпен, жекелей отырып:

- Жобаның тақырыбын анықтайды;
- Әр түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, қажетті мәліметтерді жинайды;
- Зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, нәтижеге жету жолдарын қарастырады;
- Жоба жұмысы бойынша оқушыларға ақпарат көздерін табуға, өзекті мәселелерді айқындауға, тұжырым жасауға зерттеу жұмысы барысында кеңес беріп мұғалім ат салысады.
- Пікірталас ұйымдастырылады.
- Мақсатына қарай – экология саласында өзекті мәселелерді зерттеушілік, ақпараттық, шығармашылық, алдын алу, қоршаған ортаны қорғау, конструкциялық жобалар;
- Мерзіміне қарай -шағын жобалар, орташа және ұзақ уақытқа арналған жобалар;
- Білім саласына қарай-шағын жобалар, кешенді жобалар;
- Құрылымына қарай келесі бөліктерге бөлуге болады: жоспарлау, ақпарат жинау, дайын өнім, презентация.

Қолдану аймағына қарай жобаларды:

- Сабақтан тыс кездегі студенттің іс-әрекеттері, ұзақ уақытты қажет ететін жобалар, зерттеу жұмыстарын қажет ететін, шығармашылық жобалар;
- Сабақ уақытында жобалар - пәнаралық, шағын жобалар, кешенді, рөлдік ойын , пікір талас және дөңгелек үстел қамтитын жобалар - деп бөлуге болады.

Зерттеу барысында, оқушылар ең алдымен география сабағында жобаның тақырыбын анықтап алып, зерттеу өзектілігіне көшеді.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі «География» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың бойында ғылыми-жаратылыстану білімдерін, табиғат, қоғам және экономиканың жүйелі байланысын дамытуға бағытталған. Географиядан жаңартылған білім бағдарламасы бойынша

Шарын шатқалының геоэкологиялық мәселелері туралы білім беру баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен қатар жүргізілуі тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 С.Р.Ердаuletov. География туризма: история, теория. 1993- 52б.
- 2 Оспанова Г.С, Бозшатаева Г.Т. «Экология».Алматы. 2002-24б.
- 3 Рыспеков Т.Р. Мониторинг природной среды.Алматы-2003-156с.
- 4 Оценка воздействия на окружающую среду (ОВОС) для АО «Мойнакская ГЭС» ТОО «КазЦЭП»
- 5 Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының тиімділігі  
<http://www.rusnauka.com/pdf/239075.pdf>